

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне мемлекеттік органдардың өкілеттіктері мәселелері бойынша өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 наурыздағы N 536 Заңы

Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

1. "Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 2-3, 25-құжат; 2001 ж., N 20, 258-құжат; 2002 ж., N 5, 50-құжат):

18-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"18-бап. Нормативтік құқықтық акті мәтінінің мазмұны мен жазылу стиліне қойылатын талаптар

1. Мемлекеттік органдардың қоғамдық қатынастарды мемлекеттік реттеу саласындағы міндеттері, функциялары мен құзыреті заңдарда мемлекеттік басқару деңгейлері бойынша айқын ажыратылып белгіленуге тиіс.

2. Нормативтік құқықтық актінің мәтіні әдеби тіл нормалары мен заң терминологиясы сақтала отырып жазылады. Көнерген және көп мағыналы сөздер мен сөз орамдарын, эпитеттерді, метафораларды қолдануға, сөздерді қысқартуға жол берілмейді. Баптың (тармақтың) мәтіні басқа баптарда (тармақтарда) қайталап жазылмайды."

2. "Әкімшілік рәсімдер туралы" 2000 жылғы 27 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 20, 379-құжат):

1-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Мемлекеттік органның құзыреті деп мемлекеттік орган қызметінің нысанасын айқындайтын оның белгіленген өкілеттіктерінің жиынтығы ұғынылады;

мемлекеттік органның өкілеттіктері деп мемлекеттік органның заңдарда белгіленген құқықтары мен міндеттері ұғынылады;

мемлекеттік органның құқықтары деп заңдарда белгіленген белгілі бір іс-әрекетті жасау, басқа тұлғадан (басқа тұлғалардан) белгілі бір мінез-құлықты (іс-әрекетті немесе іс-әрекет жасаудан тартынуды) талап ету мүмкіндігі ұғынылады;

мемлекеттік органның міндеттемелері деп заңдарда белгіленген, мемлекеттік орган орындауға міндетті іс-әрекет шеңбері ұғынылады;

мемлекеттік органның міндеттері деп мемлекеттік орган қызметінің негізгі бағыттары ұғынылады;

мемлекеттік органның функциялары деп мемлекеттік органның қызметті заңдарда белгіленген өкілеттіктер шегінде жүзеге асыруы ұғынылады."

Президенті

Қазақстан Республикасының

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК